



25-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаһандық кедейлікпен күресудің
этикалық ұстанымдары





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық кедейлікпен күресудің этикалық ұстанымдары
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Жаһандық әділдік мәселесі

Батыс елдері мен БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың басым бөлігі саяси еркіндіктер, азаматтық құқықтар мен еңбек стандарттары экономикалық прогресстің ажырамас құрамдастары деген пікірмен келіседі. Олар балалар еңбегін қанау, әйелдер құқықтарының сақталауын қамтамасыз ету, ормандардың жоғалып кетуі мен экологияның ластануының алдын алу, сондай-ақ интеллектуалды меншіктің, баспасөз еркіндігінің және басқа да азаматтық еркіндіктердің нығайтылуы экономикалық даму үшін басты мәнге ие болуы тиіс деп санайды.



Біріккен Ұлттар Ұйымы – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы. Бас кеңсесі АҚШ-ның Нью-Йорк қаласында орналасқан. Қазіргі таңда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді.

«Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынды. БҰҰ Декларациясы Сан-Францискода 1945 ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл күн БҰҰ күні деп жарияланды.

Жаһандық экономика барған сайын интеграцияланып жатқандықтан, бұл бірігу үдерісі универсал күшке ие және үнемі қолданылып отыратын адам құқықтары туралы идеяларға негізделуі тиіс деп күтіледі. Алайда құқық мәселесіне келгенде бәрі мұндай оңай емес. Құқық мәселесіне келгенде, әл-ауқаттың болуына деген позитив құқық пен еркіндік пен жеке меншікке деген негатив құқықтар көзге түседі.

Жаһандандудың кейбір жақтастары әрбір адам өзінің тіршілігіне қажетті позитив құқыққа, яғни таза суға, азық-түлікке және бірінші кезекті нәрселерге зәру болмаудың негізгі құқығына ие болуы тиіс деп сендіреді. Бұл көзқарас тұрғысынан бізден міндет етілетін жалғыз нәрсе – басқаларға зиянымызды тигізбеу немесе оларды қанамау талабын орындау. Мұндай позитив құқық бай-дәулеті жеткілікті адамдардың тарапынан позитивті міндеттің сақталуын қамтиды. Басқалардың айтуынша, еркіндік пен жеке меншікке қатысты негатив құқықтар дегеніміз – негізгі құқықтар. Яғни, бізден тек басқаларды қанамау, олардың жеке меншігіне қол салмау және оларды құлдыққа алмау міндетін сақтау ғана талап етіледі.

Жаһандық кедейшілікпен күрес

Жаһандық кедейшілікпен күрес шаралары біздің осыған тейін талқылап келген моральдық тұжырымдамаларымызға негізделуі тиіс. Алайда осы кітапта келтірілген көптеген қолданбалы тақырыптардан көргеніміздей, моральдық мәселелер, сонымен қатар, жағдайлар мен фактілерге де тәуелді. Бұл, әсіресе, консеквенциалистік ой-пікірлер тұрғысынан өте дұрыс саналады, себебі олардың мақсаты- әлемде жақсы нәтижелерге қолжеткізу. Егер біз жақсы нәтижелерге қолжеткізгіміз келсе, демек біз айналамыздағы жағдайды және эмпирикалық мәселелерді жете ұғынуымыз тиіс.

Кедейлерге көмек көрсету қажеттілігінің көптеген аргументтерінің негізінде әлемдегі әділетсіздікті ақтап алуға болмайды деген түсінік жатыр. Яғни, бұл дегеніміз байлар өздерінен әлеуметтік жағдайы көп есе төмен адамдардың азаптарына бей жай қарамауы тиіс, оларға көмек қолын созуы қажет деген түсініктің болуы. Түрлі ғалымдардың айтуынша біздің салыстырмалы түрде бай болуымыз, біздің салыстырмалы түрде аз шығын шығару арқылы әлемдегі азап шегіп отырған көптеген адамдарға көмектесе алатынымызды талап етеді. Бұл үшін біз жаһандық әділетсіздіктің мәнін және себептерін жете түсінуіміз керек. Мысалы, осыған дейінгі дәрістерде келтірген бангладештік тігін фабрикаларында өртеніп немесе үйінділердің астында қалған жұмысшылардың әдеттегі жалақысы айына 37-ден 50 долларға дейін құраған. Яғни, олар күніне бір доллардан сәл-ақ асатын табыс табатын болған. Демек, егер мен немесе сіз күніне 1 доллар ғана қайырымдылыққа жұмсайтын болсақ, біз біреудің күнделікті табысын екі есеге дейін арттыра аламыз деген сөз. Шындап келгенде, біз әлемдегі кедейлікті азайтуға келгенде бірталай жетістікке жеттік. Бүкіләлемдік банктің баяндамасына сай 2015 жылы кедейліктің жаһандық деңгейі 10 пайызға түсті, яғни, қазіргі таңда әлемде бар болғаны 700 млн адам ғана шекті кедейлік жағдайында өмір сүріп отыр. Бұл – айтарлықтай жетістік. Және ол Бүкіләлемдік банктің шекті кедейлікті жоюға бағытталған іс-шараларының нәтижесі бар екенін көрсетеді. Сандық көрсеткіштер айтарлықтай жақсы, дегенмен бұл сандар әрі қарайғы түсіндіруді талап етіп отыр. Бұл жерде айта кететін маңызды бір нәрсе – Бүкіләлемдік банктің шекті кедейлік көрсеткішін үнемі қайта қарап, қайта тағайындап отыруы. 2008 жылға дейін шекті көрсеткіш деңгейі күніне 1 доллардан аз табыс табуды білдірді. 2008 жылдан кейін бұл көрсеткіш күніне



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық кедейлікпен күресудің этикалық ұстанымдары
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

1,25 долларға дейін өсті. 2015 жылғы жағдай бойынша, Бүкіләлемдік банк шекті кедейлік жағдайындағы табыс көлемін – күніне, кем дегенде, \$ 1,90 ауқымында бекітті. 2012 жылы 900 млн астам адам, әлде де болса, шекті кедейлік жағдайында өмір сүрді (бұл дегеніміз, әлем халқының 12,8%). Әлде де, айтарлықтай көрсеткіш. Бәлкім, біз осы көрсеткіштерге қарап, көп жетістікке жетіп отырмыз деп ойлайтын шығармыз, алайда, сіз күніне 1 доллар табасыз ба, әлде 2 доллар ма, шынын айтайық, сіз бәрібір кедей болып қала бересіз. Бұл факт факт болып қала береді. Жер жүзінде жүздеген миллион адамдар әлде де аса кедей болып саналады.

Теңсіздіктің ең айқын дәлелдерінің бірі – өлім-жітім көрсеткіші мен өмірдің орташа ұзақтығы

Шекті кедейлік дегеніміз – адамды бірте-бірте өлтіретін кедейлік. Мұндай күйде өмір сүретін адамдар үнемі аш-жалаңаш, оларға медициналық көмек берілмейді, оларға қауіпсіз таза ауыз су мен санитарлық қолайлы жағдай қолжетімді емес, олар балаларына білім бере алмайды, олар, тіпті, баспана немесе киім сияқты адам үшін ең қажет нәрселерге де зәру. Жаһандық кедейшіліктегі балалардың жағдайы мүлде мүшкіл, олар ерекше зардап шегіп, олардың арасындағы өлім-жітім көрсеткіші аса жоғары. Оның себептері кейде - алдын-алу шаралары аса оңай шешілетін аурулардың таралуы. Мысалы, жыл сайын жүздеген миллион адам безгек ауруына шалдығып, жүздеген мың адам соның кесірінен көз жұмады. 2015 жылы безгекті жұқтырудың 214 млн фактісі тіркеліп, 438 000 адам қайтыс болды. Безгек ауруы, әсіресе, аса кедей елдерде өмір сүретін адамдардың арасындағы кеңінен таралған науқас түрі. Шындап келгенде, бұл аурудың алдын-алу үшін кейде терезеге арнайы тор қоюдың өзі және басқа да осындай оңай профилактикалық шаралар жеткілікті болып жатады. Өткен кезеңдерде безгектің алдын алу және емдеу бойынша жүргізілген белсенді науқанның нәтижесінде өлім көрсеткіші айтарлықтай төмендеді. Алайда, бұл ауру әлде де кедейлер үшін нағыз жау болып отыр. Дамушы елдердегі кедейлік адамдардың мүмкіндіктерін шектеп жатыр. Ол әйелдерді жәбірлеу, сауатсыздық, сыбайлас жемқорлық және т.б. бірқатар проблемаларды тудыруда. Игіліктердің әділетсіз үлестірілуі бүкіл әлемде кеңінен қанат жаюда. Теңсіздіктің ең айқын дәлелдерінің бірі – өлім-жітім көрсеткіші мен өмірдің орташа ұзақтығы. Бай елдерде бұл көрсеткіш, кедей елдерге қарағанда біршама жоғары. Мысалы, Жапония, Швейцария, Германия және Норвегияда өмір ұзақтығы 80 жылдан асып жығылады. Америка Құрама Штаттарында өмір ұзақтығы 79 жылды құрайды. Ал Кенияда күтілетін өмір ұзақтығы 63 жасқа тең, Бангладеште бұл көрсеткіш - 70 жас, ал Камбоджада - 64 жас. Чад елінде күтілетін өмір ұзақтығы ең төмен – бар болғаны, 49 жас қана. Әлем бойынша кедейліктің ауқымын қысқарту бойынша шараларды қабылдауымыз қажет деп сендіретіндер осындай көрсеткіштердің тең еместігіне де ерекше мән берілуі тиіс. Америкалықтар мен еуропалықтар ұзақ және жақсы өмір сүріп, басқа елдердегі адамдардың жастай дүниеден өтіп, осы қысқаша өмірінің өзі азап тіршілік етумен өтіп кетуі әділетті нәрсе ме?..

Экономикалық теңсіздік

Әлеуметтік теңсіздіктің тағы бір көрсеткіші – экономикалық теңсіздік. Бүкіләлемдік банктің деректері бойынша, Америка Құрама Штаттарының Жалпы ішкі өнім бойынша көрсеткіші әлемдегі ең бай ел екендігін көрсетеді, одан кейінгі орындарға Қытай, Жапония, Германия және Франция жайғасты. Америка Құрама Штаттарының ЖІӨ 2014 жылы \$17,4 трлн құрады. Салыстырар болсақ, мысалы, Кенияда ЖІӨ көрсеткіші \$60 млрд ғана құрайды. Экономикалық айырмашылықтың одан да дәл көрсеткішін бізге ЖІӨ адам басына шаққандағы шығатын саны анықтап көрсетеді. Бұл жағдайда ЖІӨ адам басына шаққандағы көрсеткіштен шығып, бұл елдің қаншалықты бай екенін байқатады. Бұл көрсеткішті қолдана отырып, Малави адам басына шаққандағы ЖІӨ ең төмен көрсеткішін байқатты. 2014 жылы Малавидің осы көрсеткіші \$255 ғана құрады. Салыстырып көретін болсақ, Кенияның ЖІӨ көрсеткіші адам басына шаққанда 2014 жылы \$1,358 құрады. Ал Чадтыкі болса, \$1,024 құрады. Бангладештің осы көрсеткіші - 1 086 доллар. Ал Америка Құрама Штаттарындағы адам басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 54 629 доллар. Алайда, бұл көрсеткіш Американың Швеция, Дания, Швейцария және Норвегия сияқты елдерден артта қалып кеткенін көрсетеді, себебі ЖІӨ көрсеткіші жалпы үлкен болғанымен, адам басына шаққанда айырмашылық пайда болады.

Ал енді халықаралық көмек көрсетудің деңгейіне тоқталсақ.


Әлемнің бай елдері өз бюджеттерінен жаһандық кедейшілік пен теңсіздікпен күресуге бірталай ақша



бөліп отыр. Бай елдердің көбісі кедей елдерге көмек көрсету қажеттігін мойындап, мұны моральдық императив санайды, немесе кедейшілік пен теңсіздіктің жаһандық эконмикадағы үйлесімді бүлдіретін нәрсе деп санайды. Сол себепті бай елдердің көбісі бұл мақсатқа өз бюджетінен қаржы бөледі.

Халықаралық келісім—шарттарда барлық бай елдер кедейлікпен күресу жолында өзінің ЖІӨ 0,7 процентін бөлуі тиіс деп саналады. Бұл халықаралық күш салулар түрлі келісімшарттарда, соңғы онжылдықтарда әртүрлі конференцияларда бекітілген, халықаралық ұйымдардың құжаттамаларымен бекітілген көрсеткіш болып табылады. Түрлі халықаралық ұйымдар және түрлі елдердің үкіметтері осы көрсеткіштерді бекітіп, халықаралық құжаттарға қол қойған кезде алдын ала қандай сома бөлінетінін, әр елдің бюджетінен қандай қаржы бөлінетінін келісіп алады. Шетелдік көмек мәселесіне келгендегі қиындықтардың бірі мынада: американдықтардың көпшілігі Құрама Штаттардың осы қайырымдылыққа бөлетін қаржысы өте өте үлкен көрсеткіш деп ойлайды. Шын мәніне келгенде, 2014 жылы жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде орташа американдық федералды бюджеттің жиырма бес пайызға жуығы осындай шет елдеріне көмекке бөлінеді деп санайтынын көрсетті. Ал шын мәнінде, бұл көрсеткіш, бар болғаны, 0,7 пайызды ғана құрайды. Америка Құрама Штаттарының бюджетінің бір пайызы ғана шет елдеріне көмекке жаратылады. Әрине, егер де төрт трлн доллардың бюджетімен есептейтін болсақ, бұл – әжептеуір сома. Алайда, бұл соманың өзі БҰҰ-ның бекіткен көрсеткішіне жеткіліксіз.

Жалпы жаһандық кедейшілік мәселесімен күресуде тек қана мемлекеттер немесе тек қана халықаралық ұйымдар ғана әрекет етіп отырған жоқ. Бұл мәселеге дүниенің ең бай адамдары, түрлі корпорациялардың басшылары да атсалысуда. Соның бір танымал үлгісі ретінде Билл Гейтстің «Форбс» журналындағы ең бай адамдарға үндеу салып, әлемдегі кедейшілік, әртүрлі эпидемияларға байланысты көмек көрсетуге үндеу салғаны бәрімізге белгілі.



Билл және Мелинда Гейтстердің қоры - Билл және Мелинда Гейтстер негізін қалаған жекеменшік қор. Ол 2000 жылы ашылып, 50,7 млрд доллар активі бар АҚШ ең ірі жекеменшік қор саналады. 2013 жылдың 16 мамырындағы мәліметтерге сай, Билл Гейтс қорға 28 млрд. АҚШ долларын бөлді. Ашылғаннан бері Қор әлеуметтік, медициналық және білім беру жобаларын қаржыландырып келеді.

Билл Гейтстің бұл әрекетіне адамгершілік тұрғысынан өте жоғары баға беруге болады. Және бір қуантарлығы оның үндеуіне жауап бергендердің саны да көп болуында. Қазіргі жаһандық корпорациялардың, жаһандық компаниялардың осы мәселелерге бейжай қарамауы біздің жүрегімізге үміт ұялатады. Бәлкім, адамзат әлде де болса, мейірімділіктен, рахымдылықтан, әділеттіліктен жүрдай емес шығар...

Жаһандық ауқымдағы кедейшіліктің себептері әртүрлі. Кедейшіліктің және дамудың болмауының негізгі себептері, көбінесе, сан алуан және өте күрделі келеді. Мұндай себептерге географиялық оқшаулану, әртүрлі эпидемиялық ауру-сырқаттар, құрғақшылық, т.б. табиғи апаттардың нәтижелері, таза ауыз судың болмауы, жердің құнарсыздығы, физикалық инфрақұрылымның нашарлығы, білімнің болмауы, лайықты, денсаулық сақтау жүйесінің болмауы, азаматтық соғыстар, коррупция, сондай-ақ, колониализм мен сауда-саттықтың әділетсіз заңдарының таратылуы болуы мүмкін. Бір жағынан, нақ осы колониализм мәселесінің көп елдерде, әсіресе, Африка, Азия елдерінде көп елдердің экономикалық жағынан қалыс қалып отырғанының негізгі себептерінің бірі саналады. Осы пікірді алға тартушылардың бірі Франц Фанон Солтүстік африкалық интеллектуал.



Франц Омар Фанон (1925-1961жж.) – әлеуметтік философ және психоаналитик.

Ол Кариб бассейнінде дүниеге келіп, осы мәселеге көп еңбек еткен. Фанонның «Бақытсыз мекендер» атты еңбегі әлем жұртшылығының арасында кеңінен танымал. Оның айтуынша, бай колониалды елдердің үлкен байлыққа кенеліп отырғаны осындай отаршылдыққа душар болған елдердің есебінен. Ал әлемнің



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық кедейлікпен күресудің этикалық ұстанымдары
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

үшінші елдері, яғни, дамушы елдері осыншама нашар жағдайға түсуі осы бай елдерді әртүрлі шикізатпен қамтамасыз етуінің нәтижесінде болып отыр. Фанонның айтуынша, еуропалық байлық, шын мәнінде, көптеген жылдардан бері құлдықтың, шикізаттың және әділетсіздіктің нәтижесінде табылған табыс. Яғни, Фанон бұл табысты әділетсіз санайды және Еуропа мен Америка сияқты өте бай колониалды елдер ол үшін жауап беруі тиіс және соған лайық кедей елдерге барынша көмек көрсетуі тиіс деп санайды.

Сайып келгенде, бүкіл әлемдегі халықтың әл-ауқатының дұрыс болуы бүкіл әлемнің өзіне де пайдалы болады. Бай елдердің өзіне де әлемнің басқа бір бұрышында халықтың нашар өмір сүріп, түрлі босқындардың, азаматтық соғыстардың немесе әртүрлі сырқат-аурулардың таралуынан ешқандай жақсылық емес, керісінше, жамандық нәрселер көптеп келеді. Бұл әлем жұртышылығын бейжай қалдырып, олардың алаңдатушылығын тудырмауы мүмкін емес нәрселер. Сол себепті бүкіл әлемнің сау болуы, бүкіл әлемнің әл-ауқатының дұрыс болуы – бүкіл әлемнің барлық елдерінің мүддесіне сай келетін нәрселер.

Біз де, әрқайсымыз азамат ретінде, қолымыздан келгенше, кедейліктің шекті деңгейінде өмір сүріп жатқан адамдарға, жанымыздағы, айналамыздағы әлеуметтік әділетсіздіктен зардап шегіп жүрген адамдарға қолымыздан келгенінше қол ұшын беріп, көмек көрсетіп, оларды айналып өтпей, қоғамымызды барынша сау және әділетті етуге тырысуымыз керек. Бұл біздің адамгершілік борышымыз – Канттың айтқан категориялық императив ұғымы.

Иммануил Кант (1724-1804 жж.) – неміс философы, Ағартушылық пен романтизм дәуірлерінің тоғысқан тұсындағы неміс классикалық философиясының негізін қалаушы.



Құрметті студенттер, біз сіздермен Барбара Маккинон мен Эндрю Фиаланың «Этика», соның ішінде этикалық, қазіргі заманның ең өткір сұрақтарын қарастыруға арналған оқулығымен танысып шықтық. Жиырма бес дәрістің барысында біз сан түрлі тақырыптарға байланысты әртүрлі пікірталастарды, әртүрлі теориялар мен тұжырымдамаларды қарастырып шықтық. Мен бұл кітап сіздерге өте пайдалы болады деп ойлаймын. Себебі, моральдық сұрақтарға келген кезде ешқандай да маңызы төмен немесе маңызы аса жоғары емес мәселелер болуы мүмкін емес. Кез-келген моральдық-этикалық сұрақ өте маңызды, себебі ол - қоғамның этикалық-моральдық келбетін, адамгершілік келбетін, бойындағы ізгілікті құндылықтардың қандай екендігін көрсететін дүниелер. Мен сіздерге этикалық мәселелерге қызығушылық танытып, осы кітап - сіздерге ұсынылып отырған оқулықтан бөлек те, сан түрлі этикаға байланысты тақырыптарды қозғайтын кітаптармен танысуға деген құлшыныстарыңыз оянады деп сенемін. Олай болатын болса, мен сіздермен қоштасамын және болашақта этика мәселесіне келген кезде өздеріңіздің азаматтың ұстанымдарыңызды ұмытпай, барынша жауапкершілікпен қарап, адамгершілік тұрғысынан, ізгілік тұрғысынан барынша дұрыс әрекет жасауларыңызға тілектеспін.

Құрметті студенттер, Барбара Маккинон мен Эндрю Фиаланың «Этика. Қазіргі мәселелер»-ге арналған оқулығы жиырма тараудан тұрады. Жиырма тараудың біз сіздермен барлығын атап өтпесек те, ішіндегі жартысынан көбісіне тоқталып-тоқталып өттік. Соның ішінде мен сіздерге барынша қызықты болады деген оймен қоршаған орта этикасына, адамгершіліктің негізгі тұжырымдамаларына, жануарлар этикасына, биоинженерия мен биотехнологиялар этикасына, бүкіләлемдік әділетсіздік теориясына байланысты негізгі тақырыптарды ұсынуға тырыстым. Мен бұл ақпараттардың бәрі сіздерге пайдалы болады деген үміттемін.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ian Goldin and Mike Mariathasan, *The Butterfly Defect: How Globalization Creates Systematic Risks, and What to Do About it* (Princeton, NJ: Princeton University Press, 2014).
2. Peter Grier, "The Walt Disney Company Pulls Out of Bangladesh: Will That Make Workers Safer?," *Christian Science Monitor*, May 3, 2013, accessed June 25, 2013, <http://www.csmonitor.com/USA/2013/0503/The-Walt-Disney-Company-pulls-outof-Bangladesh-Will-that-make-workers-safer>
3. Alex Nicholls and Charlotte Opal, *Fair Trade: Market Driven Ethical Consumption* (London: SAGE



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық кедейлікпен күресудің этикалық ұстанымдары
Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

Publications, 2005).

4. Peter Griffiths, "Ethical Objections to Fair Trade," *Journal of Business Ethics* 105 (2012).
5. Thomas Pogge, "Are We Violating the Human Rights of the World's Poor?," *Yale Human Rights & Development Journal* 14, no. 2 (2011).
6. Thomas Pogge, *World Poverty and Human Rights* (Cambridge: Polity Press, 2008).
7. Peter Singer, "Famine, Affluence, and Morality," *Philosophy and Public Affairs* 1, no. 3 (1972): 231.
8. Garrett Hardin, "Living on a Lifeboat," *Bioscience* 24 (1974): 561–68.
9. Thomas Aquinas, *Summa Theologica*, trans. by the Fathers of the English Dominican Province, Online Edition Copyright © 2008 by Kevin Knight, II–II, Q 66, Art. 7, <http://www.newadvent.org/summa/3066.htm> (accessed July 26, 2013).
10. Alan B. Krueger and Jitka Maleckova, "Does Poverty Cause Terrorism?" *New Republic*, June 24, 2002, 27.
11. Frantz Fanon, *The Wretched of the Earth* (New York: Grove Press, 1968).
12. Dinesh D'Souza, "Two Cheers for Colonialism," *Chronicle of Higher Education*, May 10, 2002.
13. Dinesh D'Souza, *Obama's America: Unmaking the American Dream* (Washington, D.C.: Regnery Publishing, 2012).
14. Gary S. Fields, *Working Hard, Working Poor: A Global Journey* (Oxford: Oxford University Press, 2011).
15. Joseph E. Stiglitz, *Globalization and Its Discontents* (New York: Norton, 2003).
16. Jagdish Bhagwati, *In Defense of Globalization* (Oxford: Oxford University Press, 2007).
17. Loretta Napoleoni, *Rogue Economics* (New York: Seven Stories Press, 2011).
18. Jeffrey Sachs, *The End of Poverty: Economic Possibilities for Our Time* (New York: Penguin Press, 2005).